

FTAXP 18.55.01

М.Ә. Смағұлов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ., Қазақстан

## БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ҮРДІСІНДЕГІ ЭСТРАДАЛЫҚ ВОКАЛДЫ ОҚЫТУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жоғары музыкалық-педагогикалық оқу орындарындағы көркемдік-эстетикалық құндылықтардың өзгеруіне байланысты болашақ музыка мұғалімінің кәсіби дайындық үдерісінде эстрадалық вокалға оқытудың маңыздылығы қарастырылған. Эстрадалық вокал- болашақ мамандарды даярлау және тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға педагогикалық білім берудің барлық жаңа көкжиектерін ашуға ықпал етеді. Оның себебі қазіргі уақытта эстрадалық музыкалық мәдениет қазіргі заманғы музыкалық өнердің атрибутикасы болып табылып, қазіргі жастардың сұраныстары мен көркемдік-эстетикалық қажеттіліктеріне ие болуында.

**Түйін сөздер:** музыка мұғалімі, кәсіби даярлық, эстрадалық вокал, шығармашылық даму, ән салу.

\*\*\*

**Аннотация.** В данной статье рассматривается значимость обучения эстраднему вокалу в процессе профессиональной подготовки будущего учителя музыки в связи с изменениями художественно-эстетических ценностей среди обучающихся в высших музыкально-педагогических учебных заведениях.

Эстрадный вокал способствует организации процесса подготовки и воспитания будущих специалистов и расширению новых горизонтов педагогического мастерства и в целом, образования. Причиной изучения данной проблемы является то, что в настоящее время эстрадная музыкальная культура выступает как атрибутика современного музыкального искусства, пользуясь спросом и художественно-эстетическими потребностями современной молодежи.

**Ключевые слова:** учитель музыки, профессиональная подготовка, эстрадный вокал, творческое развитие, пение.

\*\*\*

**Abstract.** This article discusses the theoretical foundations of teaching pop vocal in the process of professional training of the future music teacher, in connection with the change of artistic and aesthetic values in higher musical and pedagogical educational institutions. Pop vocal contributes to the organization of the process of training and education of future professionals opening all new horizons of pedagogical education and skills. Its reason lies in the fact that nowadays pop music culture is an attribute of modern musical art, which has the demands and artistic and aesthetic needs of modern youth.

**Keywords:** Music teacher, professional training, pop vocal, creative development, singing.

Жаһандану заманында мұғалімінің кәсіби дайындығы мәселесі білім берудің жаңа, қазіргі заманғы сапасына қол жеткізу қажеттігіне ие болып келеді. Қоғамның мәдени-білім беру өмірінде болып жатқан өзгерістер - әлемдік интеграция, мемлекетаралық білім беру кеңістігінің қалыптасуы, ұлттық мәдениетті жаңғырту, білім беруді ізгілендіру жолында музыка пәні мұғалімінің кәсіби даярлығының нысандары мен мазмұнын жаңа көзқараспен қарастыруды талап етеді. Музыка пәнінің мұғалімі алдында оның көп жоспарлы қызметінде музыкалық өнер құралдары арқылы адамгершілік тазалығы мен өмірге эстетикалық қарым-қатынасты тәрбиелеу міндеті тұр.

Білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттерді табысты іске асыруы, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу жолы жоғары деңгейде музыка мұғалімінің кәсіби жұмысына байланысты. Бұл, болашақ мамандарды даярлауда замануи бағыттағы өнер жүйесін меңгеру қажеттілігін тудырады. Осы орайда эстрадалық ән салу арқылы білімгерлерді музыкалық мәдениетке және музыкалық шығармашылыққа баулу міндеттерін табысты орындау, білім беру және тәрбие процесінің нәтижелілігі шеңберінде музыка мұғалімінің вокалдық шеберлігінің деңгейіне тікелей тәуелді болады. Оны қалыптастыру кәсіби музыкалық-педагогикалық білім беру жүйесінде маңызды құрамдас болып табылады. Осыған байланысты музыка мұғалімінің эстрадалық вокалдық шеберлігі кәсіби қызметтің нақты жағдайлары кәсіби-дауыстық қызметтің мақсаттарына, міндеттеріне және функцияларына негізделген өзінің ерекшелігі бар [1].

Қазіргі уақытта белгілі бір қызметке бағытталған эстрадалық вокалдық шеберлікті қалыптастыру үшін базалық негіз ретінде музыка

мұғалімінің дауыспен жұмысының негізгі аспектілеріне дайындықты қамтитын кешенді сипатқа ие әдістеме құру мәселесі өткір тұр. Оның себебі қазіргі таңда музыкалық эстрада «Бұқаралық мәдениет» деп аталатын жетекші орындардың бірін алып отыр. Музыкалық эстрада және дыбыс жазу индустриясы кеңінен насихатталуда. Барлық қазіргі заманғы бұқаралық коммуникация құралдарымен, ең алдымен интернет, радио және теледидар желісімен насихатталатын музыкалық эстрада тыңдаушылар аудиториясында да кеңінен танымал. Осы негізде болашақ музыка пәні мұғалімдердің эстрадалық вокалдық шеберлік деңгейін арттыруға ықпал ететін арнайы өзін-өзі бақылау және дауыспен жұмыс жасау барысында өзін-өзі түзеу қажеттілігінде теориялық, әдістемелік, вокалдық-сөйлеу және психологиялық білім, біліктілік және эстрадалық вокалдық дағдыларды меңгеру жолдары, музыкалық шығармалардың нысандары мен құрылымдарын, мәнгерлі-бейнелеу құралдарын, стильдер мен жанрлар мен бағыттарды толық қамтып, теориялық негізде практикалық жолда да меңгерулері қажет.

Эстрадалық вокалды білім беру барысында бағдарламалық модульдердің үйлесуі сонымен қатар сабақ барысында студенттердің ой өрісіндегі логикалық реттілігі, арнайы қажетті білімі, шеберлігі, дағдылары жоқ білім алушылар үшін танымдық қабілеті мен мүмкіндіктерін яғни, табиғи мәліметтер, ресурстар, жалпы музыкалық құзыреттілік деңгейлерін ескере отырып, жеке тұлғаға бағытталған жеке тәсіл негізінде анықталады. Ал студенттің эстрадалық ән айту дағдыларының даму стратегиясы болашақ маманның оңтайлы дайындығын қамтамасыз етуге ықпал ететін вокалдық-орындаушылық мәдениеттегі танымдық құбылыстар мен процестерді, олардың арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды біртіндеп күрделендіруге негізделеді [2].

Болашақ музыка пәні мұғалімін дайындауда эстрадалық вокал курсы оқыту мазмұнының негізгі бөлігі оқу репертуары болып табылып, орындаушылық шеберлігі қалыптасады. Студенттердің болашақ кәсіби қызметінде эстрадалық вокал бойынша педагогтың жұмысында оны таңдау мәні келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- вокалға жоғары көркемдік музыкалық шығармалардың негізінде ғана оқыту;
- таңдалған репертуарды бағдарламамен, сондай-ақ білім алушының вокалдық деректерімен келісуі;
- оқу репертуарына тақырып және стилистика бойынша әр түрлі вокалдық шығармаларды қосу;

- шығармашылық қабілеттерін және музыкалық-эстетикалық талғамын жан-жақты дамыту;

- білім алушының болашақ мамандығына деген қызығушылығын ынталандыру.

Бағдарламаларды шыңдау және микрофон арқылы ән айту орындаушыдан арнайы вокалдық-техникалық дайындықты талап етеді, ал оның қазіргі заманғы эстрадалық орындаудағы рөлі мен маңызы үздіксіз өсіп келеді. Микрофонмен ән айту барсында вокалдық-техникалық дайындықтың маңызды құрамдас бөліктері болып табылып, арнайы дағдыларды меңгеру жолында келесі қағидаларға жауап беруге тиісті:

- дыбыс жасау техникасы;

- ішкі есту көріністерін үйлестіру және олардың әнде нақты іске асырылуы;

- тыныс алудың «механизмдерін» өңдеу;

- ән айту барысында бұлшықеттің қысылымдарын бейтараптандыру;

- барлық диапазонда дауысты дыбыстаудың тегістігін жасау;

- резонаторлық сезіну және дұрыс позицияны қалыптастыру;

- нақты дикция жасау және т. б.

Ал, аудиторияға әсер ететін «бейвербалды» құралдардың барлық кешенін құрайтын актерлік шеберлікке тәрбиелеу әдісіне сүйену арқылы, экспрессияға сай жестикуляция және мимиканы басқару, пластикалық мәнерлілікті (дененің қозғалуы), сонымен қатар сыртқы атрибутиканың көмегімен және қойылған дауыстың негізінде вокалдық нөмірді орындау барысында музыкалық шығарманы эмоционалды-сезімдік қабылдауға ғана емес, тыңдаушылардың көркемдік талғамын қалыптастыруға ықпал ететін коммуникативтік ортаны құру қабілеттерін меңгеру жолдарында педагогикалық шарттарды жасауды қажет етеді. Болашақ музыка мұғалімінің эстрадалық вокалдық тәрбиесі оның музыкалық мәліметтерінің дамуымен және жалпы мәдени деңгейімен тығыз байланысты. Бағдарламалар қатарына, қазақ, орыс және әлемдік эстрадалық шығармалардың мұрасынан алынып, заманауи музыкалық мәдениеттің үздік үлгілеріне баулу тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді [3].

Эстрадалық вокалдық оқыту, білім беру және оқыту міндеттерін шеше отырып, бірнеше бағытта дамитын көп жоспарлы курс. Дауыс аппаратын дамыту, музыкалық білім беру, көркемдік вокалдық талғамды тәрбиелеу, орындаушылық шеберлік міндеттері және де әншінің музыкалық құралын жасау және эстрадалық ән айту техникасын жасау арқылы орындаушылық шеберлікті тәрбиелеу.

Музыка пәні мұғалімінің кәсіби даярлау үрдісінде эстрадалық вокалды оқытудың негізгі мақсаты педагогикалық және концерттік репертуармен өзіндік жұмыс жасай алатын, практикалық, орындаушылық және педагогикалық іс-әрекетке дайын музыкалық мәнерліліктің тиісті құралдарының көмегімен шығармалардың көркемдік мазмұнын ашуға қабілетті, вокалды педагогика дағдыларын меңгерген, кең білімді мамандарды тәрбиелеу. Оның маңыздылығы мынадай факторларға негізделеді:

- жоғары білімді реформалау жағдайында мамандарды дайындауға қойылатын әлеуметтік талаптардың өсуі;
- кәсіби ортада бәсекелестіктің болуы;
- музыкалық-орындаушылық қызметтегі мамандықтың шығармашылық сипаты.

Дауыс аппаратын кәсіби меңгеру - табысқа жетудің кепілі, солист үшін де, хор немесе ансамбль мүшесі үшін де, мұғалім үшін де. Практикалық сабақтар аясында жеке тәртіпте дауысты игерудің барлық қырларын меңгеріп, есту, вокалды-орындаушылық және аналитикалық деректер дамиды, музыкалық фольклор үлгілерін сын тұрғысынан бағалау қабілеті мен көркемдік талғамы қалыптасады [4].

Қорыта айтқанда, болашақ музыка пәні мұғалімін кәсіби даярлау үрдісіндегі эстрадалық вокалда жүргізілетін жүйелі жұмыс, студенттерді оқытудың табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді. Оқу үдерісін ұйымдастыруда студенттердің қызығушылық танытатын эстрадалық вокал шығармашылық дербестікті жандандыру жолында болашақ мамандардың дайындық сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Бірімғазина Л.У., Жексембекова М.Ы. Болашақ музыка мұғалімінің вокалды-әншілік дағдыларын қалыптастырудың жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, серия «Көркемөнер пәнінің оқыту жүйесі: өнер теориясы - әдістемесі» (53), 2017. - №4. - 94-99 бб.
- 2 Кулданов Н.Т. Современные аспекты вокального мастерства будущего учителя музыки // Материалы международной научно-практической конференции: «Профессиональная подготовка педагогов творческих специальностей: поиск, тенденции и перспективы», посвящённой реализации государственной программы «Рухани жаңғыру». Туркестан, 2019. – С. 154-157 .

- 3 Кадцын Л.М. Массовое музыкальное искусство XX столетия (эстрада, джаз, барды и рок в их взаимосвязи): учеб. пособие. Екатеринбург, 2006.
- 4 Степняк Ю.В. Эстрадно-джазовый компонент в профессиональной подготовке учителя музыки. Автореферат. МПГУ. Москва, 2000.